

**«Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы жалпы білім береттік мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Білім беру үйымдарында ата-аналарды
педагогикалық
қолдау орталығының қызметін үйымдастыру**

«Адамның үйлесімді дамуы
ұлттық институты» КеАҚ
Ғылыми-әдістемелік Кеңесі
2023 жылғы 15 тамыз
№ 4 хаттамасымен бекітілді

**Орта білім беру үйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту
жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша
әдістемелік ұсынымдар**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Орта білім беру үйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе занды өкілдерді (бұдан әрі – ата-аналар) педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселеі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күштейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында әзірленді.

2. Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды үйымдастыру;

2) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру үйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

**2-тарау. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды
педагогикалық қолдауды үйымдастыру тәртібі**

3. Орта білім беру үйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті үйымдастыру Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығымен (бұдан әрі – Орталық) келесі тәртіп бойынша жүзеге асырылады:

1) орта білім беру үйымы басшының балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарға педагогикалық қолдауды үйымдастыру бүйрекшін шығару;

2) Орталық қызметтің үйымдастыруды басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады, ол:

- мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

- сыйнып жетекшілерінің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің және қосымша білім педагогтерінің мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін іске асыру және мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша қызметтерін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады;

6) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау.

14. Аудандық, қалалық білім бөлімдеріне ұсынылады:

1) орта білім беру үйымдарына Орталықтың қызметін үйымдастыруға ықпал ету;

2) білім беру үйымдарында Орталықтың қызметін үйымдастыруға жауапты маманды тағайындау;

3) облыстықбілім басқармаларына жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты ұсыну;

4) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау.

«Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БҮЙРЫҚ

№ 44

Сауран ауданы

Ескі Сауран ауылы

5.09.2023 жыл

**Ата-аналарды педагогикалық
қолдау қызметін жүзеге асыру туралы**

Оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамыту, отбасы мен мектеп арасындағы іс-кимыл және қарым-қатынасты нығайту мақсатында **БҮЙРЫМАНЫН:**

1. Мектеп-ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының өзара толықтай іс-кимылын қамтамасыз ету үшін «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» күрылсын және іс-шаралар жоспары, жұмыс тобы мүшелерінің тізімі жасалынып бекітілсін (қосымша №1,2).

2. Белгіленген тақырыштар негізінде сыйныштарда сабакты уақытылы эрі сапалы өтуін қамтамасыз ету мектеп әкімшілігіне жүктелсін.

3. Отілетін сабактарға ата-аналардың түтел қатысуын қамтамасыз ету сыйныш жетекшілерге, қадағалау тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары м.у.а П.Исабековага жүктелсін.

4. Сабак өту үшін қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету кітапханашы А.Молдабекке жүктелсін.

5. Ата-аналармен сабак өту барасында қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық талаптардың сакталуын қамтамасыз ету директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары С.Өтебаев жүктелсін.

6. Атапган орталықтың жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы үйымдастыру педагог психолог С.Джусуповаға жүктелсін.

7. Орталық жұмысының мақсат міндеттерімен ата-аналарды таныстыру сыйныш жетекшілерге, жұмыс тобына жүктелсін.

8. Атқарылған жұмыстар бойынша әлеуметтік желіге, мектеп сайтына материал жариялау тәлімгер А.Мауленхановага жүктелсін.

9. Ата-аналардың аудандық, облыстық, республикалық форумдарға қатысуын, қатысуына ықпал жасау, орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмысгорға белсene қатысуы қамтамасыз етілсін.

10. Жоғарыда көрсетліген жұмыстардың сапалы, уақытылы өтуін және бүйректың орындалуын қамтамасыз ету тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары м.у.а П.Исабековага жүктелсін.

11. Бүйректың орындалуына бақылау мен басшылық жасауды өз құзыреттің калдырамын.

Негіздеме: Казахстан Республикасындағы орта білім беру үйымдарының тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.

Мектеп директоры: К.Луйсенбеков



Бекітімін
Мектеп директоры 
Дүйсенбеков



**Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінің
«АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ» орталығының жылдық жұмыс жоспары**

2023-2024 оқу жылы

Орта білім беру үйымдарындағы
балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі
ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша
әдістемелік ұсынымдарға
1-қосымша

**2023-2024 оку жылында Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінің
«АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ» орталығының жылдық жұмыс жоспары**

№	Тақырыбы	Мазмұны	Орындаушы
1-4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ			
1.	Отбасы - бақыт бесігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	<ol style="list-style-type: none"> Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге күрылған қарым-қатынас Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері 	Г.Мұстафаева 4 «Ә» сынып 18.09.2023 ж
2.	Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	<ol style="list-style-type: none"> Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлаудың және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде... Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті 	С.Джусупова Педагог- психолог 26.10.2023 ж
3.	Әрбір бала – жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	<ol style="list-style-type: none"> Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Баланың жақсысы-сүйініш, жаманы- 	1 -сынып жетекшісі Б.Мамбетов 10.11.2023 ж

		куйініш. 3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады? 4. Эр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті.	
4.	Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	1. Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы. 2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері. 3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар. 4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті.	2 -сынып жетекшісі К.Сабирова 20.12.2023ж
5.	Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай женуге болады?	1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері 2. Интернетті пайдалану режимін сақтау 3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жириен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады? 4. Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т. б.	3 -сынып жетекшісі Г.Момбекова 18.01.2023ж
6.	Сенім арту - жетістік кепілі Қын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	1. Бала өміріндегі қындықтар 2. Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі. Тұрпайы мінез, жат қылыш – надандықтың белгісі. 3. Қын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау 4. Қын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары 5. Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену	4 «А» сынып жетекшісі Г.Ержігітова 20.02.2023ж
7.	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер Балаға үлгі көрсету	1. Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы. 2. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері. 3. Балаға жақсы әдеттерді үррету. 4. Үәдесін орындау – ата-ананың ең басты қагидасы. 5. Балапан үядан не көрсе, ушқанда соны іледі.	4 «Ә» сынып жетекшісі Г.Мұстафаева 12.03.2023ж
8.	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде	1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі 2. Тәрбие тәлімнен. Тату үйдің тамағы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббилердің отбасының бірлігіне ықпалы 3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үррету: практикалық әдістер 4. Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара	3 -сынып жетекшісі Г.Момбекова 10.04.2023ж

	байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру	
	5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабактастығы	

5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.	Баланың бас ұстазы – ата-ана Позитивті тәрбие	1. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету 3. Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту 4. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары 5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық	С.Джусіпова Педагог- психолог Ү.Инкәрбекова 5 - сынып 22.09.2023ж
2.	Ақыл айтпа, жол көрсет Жасөспірімнің бейімделуі	1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімделуі, оның іс-әрекетін жақсарту жағдайлары. Ұлттық тамақтану мәдениеті - жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі 2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі қыындықтар 3. Өзінді езің сыйламасан, өзгеден сый дәметпе. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері 4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту 5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	9- «А» сынып жетекшісі А.Молдабек 18.10.2023ж
3.	Балага үйрету: ақылдың мейірімге орап бер Бала жүргегіне жол табу	1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары 2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мұddeлери – олардың өзара түсіністігінің негізі 3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер 4. Бір күндік ұрыстын қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары 5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сактаудың	6- сынып жетекшісі Қ.Рахымбаева 20.11.2023ж

	шарты - кешіре білу		
4.	Бұлақ көрсөн, көзін аш. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту	1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері 2. Ертеңгі ойлап табуга үйрету 3. Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы 4. Балалармен жүргізілетін шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру 5. Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	7 «А» сынып жетекшісі А.Жұсіпбекова 8.12.2023ж
5.	Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері. Жасөспірімнің желідегі әрекеті	1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары 2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, салдары және мүмкіндіктері 3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі 4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері 5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті	8-«А» сынып жетекшісі Г.Есдаulet 25.01.2023ж
6.	«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-тендікті қалай сактауға болады	1. Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары 2. Жасөспірім бойындағы қыын мінез-құлқының белгілері 3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі 4. Ашу - дүшпан, ақыл - дос. Өзін-өзі реттеу жолдары 5. Жасеспірімдер арасындағы құқық бузушылықтың алдын алу	8- «Ә» сынып жетекшісі О.Сейтова 7.02.2023ж
7.	Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері	1. Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық 2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері 3. Жасеспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы 4. Ата-аналардың мінез-құлқы стратегиялары 5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» сияқты ұлттық құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі	9- «Ә» сынып жетекшісі А.Мауленханова 1.03.2023ж
8.	Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына Құндылықтар - отбасы бақытының негізі	1. Отбасылық құндылықтарды қолданудың өзектілігі 2. «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес»: Қонақжайлышық - отбасы құндылықтарының негізі 3. «Мейірімді ата - Мейірімді бала». Ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру және сактау жолдары. 4. Бабалар дәстүрі - үрпаққа өситеті - отбасының құндылығы ретінде үрпақтан-үрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және	7 «Ә» сынып жетекшісі Н.Орынбасар Тәлімгер А.Мауленханова 17.04.2023ж

қолдану

5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды сақтауда мектеп пен ата-ананың өзара әрекетінің маңызы

10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.	Боламын деген баланың бетін қакпа, белін бу... Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі	1. Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау 3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету 4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері	10 -сынып жетекшісі Н.Қалыбаев Қосымша білім беру педагогі Б. Шәкір 28.09.2023ж
2.	Көркем мінез – баға жетпес байлық Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі	1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері 2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау) 3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті 5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер	10 -сынып жетекшісі Н.Қалыбаев Әлеуметтік педагог К.Досыбаева 13.10.2023ж
3.	Сен жанбасаң лапылда... Балаға мамандық тандауга қалай көмектесуге болады?	1. Кәсіп - өзін-өзі жүзеге асырудың негізі 2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті 3. Ұлы жол үйінің табалдырығынан басталады. Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін тандауда қалай көмектесуге болады 4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтаудына кедергі болатын киындықтар 5. Бойындағы бейімділікті дәл табу - өмірдегі бақыт пен табыстың негізі	Кәсибі бағдар беруші Г.Есдаulet 10 -сынып жетекшісі Н.Қалыбаев 28.11.2023ж
4.	Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары	1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.) 2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері 3. Сынықтан өзгенің бәрі жүргады. Тәуелділіктің алдын алу шаралары 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	10 -сынып жетекшісі Н.Қалыбаев Кәсибі бағдар беруші Г.Есдаulet 14.12.2023ж
5.	Жақсыдан қашпа, жаманға	1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі	11 - сыннып жетекшісі

	баспа... Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушылырының қауіпсіздігі	2. Жоғарғы сынып оқушыларының оқынгатәулілігіндегі диагностикалау 3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернеттегі әуділдімінез-құлқы 4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары 5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінегіздеуділіктің алдына лубойынша отбасы мен мектептің зараәрекеті	Г.Ахметова 30.01.2023ж
6.	Күйзелістен шығар жол Күйзелісті женуге көмектесеміз	1. <i>Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.</i> Сіздің ресурстың жағдайыныңда қалай қолдауга болады. Стресстенарылуәдістері 2. Эмоцияны бақылау – стрестен, күйзелістен шығудың жолы 3. Агрессия, депрессия, суицидтікмінез-құлышқанестресстінбасқа да экстремалдықеріністері 4. Қателесу - тәжірибе жинауга мүмкіндік береді 5. Баланың күйзеліске тәзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті	11 - сынып жетекшісі Г.Ахметова 15.02.2023ж
7.	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті Махаббат татулықтың негізі	1. Махаббат - отбасындағы эмоционалды тепе-тендіктің негізі. 2. «Айналайын» ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету 3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция. 4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады	11 - сынып жетекшісі Г.Ахметова 6.03.2023ж
8.	Атадан өситет, анадан қасиет Үрпактан үрпакқа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары	1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Үрпактар сабактастығы алдыңғы үрпактан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі 2. <i>Ананың ізін қызы басар, атанаң ізін ұл басар.</i> Әке мен ананың отбасындағы рөлі 3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе - қазіргі балалардың даму ерекшеліктері 4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау	11 -сынып жетекшісі Г.Ахметова 24.04.2023ж



Бекітімін
Мектеп директоры К. Дүйсенбеков

2023-2024 оку жылына арналған «Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде құрылған «ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» клубының іс-шара жоспары


№	Тақырыбы өтілу формат	Мазмұны	Клуб	Жауаптылар	Мерзімі
1.	Жеті атасын білген ұл, жеті жүргіттың қамын жер (дәнгелек үстел)	Шежірені, әulet тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау.	Аталар мектебі	ДТДЖО, сынып жетекшілер, психологтар	Қазан
2.	Ертегі – танымның көзі(интерактивті сабак)	Әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету.	Әжелер мектебі	ДТДЖО, сынып жетекшілер, психологтар	Қараша
3.	Ағасы бардың – жағасы бар (дискуссия)	Ағалардың іні-қарындасты алдындағы жауапкершілігін арттыру.	Ағалар мектебі	ДТДЖО, сынып жетекшілер, психологтар	Желтоқсан
4.	Қызығымырдың құпиялары (дискуссия)	Жаһандану жағдайында қазақтың дәстүрлі отбасындағы қызы балаларға тәрбие берудің үлттық және заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру.	Женгелер мектебі	ДТДЖО, сынып жетекшілер, психологтар	Қаңтар
5.	Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өситет (Әдебиет үйрмесі, дискуссия)	Бабалармыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау.	Аталар мектебі	ДТДЖО, сынып жетекшілер, психологтар	Ақпан
6.	Ұрым-тыйым – әдептілік негізі	Халқымыздагы әдептілікке бастау	Әжелер мектебі	ДТДЖО,	Наурыз


	(Дөңгелек үстел)	болған ырымдар мен тыйымдардың мәнін апшып, әжелерге берілетін білім арқылы жас үрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау		сынып жетекшілер, психологтар	
7.	Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі (кездесу)	Халық ықыласына бөленіп жүрген спортшылар арқылы салауатты өмір салтын насиҳаттау.	Ағалар мектебі	ДТДКО, сынып жетекшілер, психологтар	Сәуір
8.	Қыздар білуге тиіс... (интерактивті сабак)	Қазақтың дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланың тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану.	Женгелер мектебі	ДТДКО, сынып жетекшілер, психологтар	Мамыр

Дайындаған ТДКО у.м.а П.Исабекова

ІІ. Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2-4,5-8 сынып окушылары арасында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында Асық ойынынан атқарған жұмыстары туралы АНЫҚТАМА.

1. Мектебімізде 2-4, 5-8 сынып окушылары арасында ұлттық ойын түрлерінен асық атумен бес тас ойынынан жарыс ұйымдастырылды.
2. Атап айтқанда 2-4 сынып бес тас ойынынан қыздар арасында жарыс өтті. Бес тас ойынынан Мәуленбек інжү 1-орын, 2-орын Нұрслан Гұлназым, 3-орынды Жұмабай Еркеназ иеленді.
3. 2-4 сынын ұлдар арасында асық атудан Асқар Нұрислам 1-орын, 2-орын Дәрібек Әлинүр, 3-орын Жұмабай Нұрбақыт иеленді.
4. Асық ату жарысынан 5-8 сынып ұлдар арасында 1-орын Бердіжан Арслан, 2-орын Тұрсынхан Шариат, 3-орын Дәрібек Ернар иеленді.
5. Бес тас ойынынан 1-орын Отарбай Гүлсезім, 2-орын Мұса Айым, 3-орын Фазыл Ақзере иеленді.







ІІ. Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша

Бұйрық

16 қараша 2023 жыл

№ 43

«Ұлттық ойын асық ату бес тас ойынынан»
жарыс өткізу туралы

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру және ұлттық құндылықтарымызды насиҳаттау Салауатты өмір салтын қалыптастыру және ұлттық құндылықтарымызды насиҳаттау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

- 1 Салауатты өмір салтын қалыптастыру және ұлттық құндылықтарымызды насиҳаттау мақсатында Ұлттық ойын түрлерінен асық ату мен бес тас жарыс ұйымдастырылсын.
Жарыс сыныптан тыс уақытта ұйымдастырылсын.
- 2 Жарысқа қатысуышылардың өмір қауіпсіздігі мен тәртібіне жауапты деңе шынықтыру пәні мұғалімдері, мен сынып жетекшілеріне жүктелсін.
3. Өткізілген іс – шаралар бейнетаспа мен түрлі-түсті суреттерге түсіріліп, дайындалады, мәліметті дайындау деңе шынықтыру нұсқаушысы Н. Сұлтанға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың толық орындалуын тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.у.а П. Исабековаға жүктелсін.

Мектеп директоры:

К.Дүйсенбеков



Бекітемін
Мектеп директоры **К. Дүйсенбеков**

2023-2024 оку жылына арналған «Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде құрылған «Аталар өсіметі » клубының іс-шара жоспары

Мақсаты: Болашақ үрпаққа еліміздің үлттых құндылықтарын санаудың сіңіру. Тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүрі, рухани мәдениетке тәрбиелей отыра құнделікті өмірде қолдануға баулу.

Міндеттері:

- Атандың отбасындағы рөлін нығайту, отбасы құндылықтарын қалпына келтіру, салт-дәстүрлерді дәріптеу.
- Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насиҳаттау
- Жалпы үлттых рухани-адамгершілік және әлеумет-тік құндылықтар мен құзыреттер жүйесіне баса назар аудара отырып, отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы тәрбие ұстанымдарын қамтамасыз ету;

№	Өткізілетін іс-шаралардың атандығы	Түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Аталар мектебінің» жұмыс жоспарын бекіту	Жоспар құру	Қыркүйек	ДТІЖО
2	«Жеті ата және жеті үрпақ танымы»	Танымдық сағат	Қазан	Педагог үйымдастырушы Сынып жетекшілер
3	«Ата - бәйтерек, бала - жапырақ»	Дәңгелек үстел	Қараша	Тәлімгер
4	«Атадан жақсы үл туса»	Тренинг	Желтоқсан	Педагог- психолог
5	«Аталар сөзі санамызда»	Өнеге сағат	Қантар	Кітапханашы
6	«Батаменен ел көгерер»	Тәрбие сағаты	Ақпан	Сынып жетекшілер
7	«Ата кәсібі — бала кәсібі»	Эссе	Наурыз	Педагог үйымдастырушы Сынып жетекшілер
8	«Аталар мектебі-тәрбие негізі »	Кездесу	Сәуір	Әлеуметтік педагог
9	«Ата көрген оқ жонар»	Баяндама	Мамыр	ДТІЖО

Дайындаған П.Исабекова

7	«Қазақ қыздарының әшекей бүйымдарын тағу мәдениеті»	Мерекелік шаралар	Наурыз	Тәлімгер
8	«Қыз еркем, кестесімен көркем»	Кесте тігу	Сәуір	Әлеуметтік педагог
9	«Асыл әжем...»	Кездесу	Мамыр	ДТІЖО

Дайындаған П.Исабекова



Бекітемін
Мектеп директоры К. Дүйсенбеков

2023-2024 оку жылына арналған «Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеб» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде құрылған «Зере әжелер» клубының іс-шара жоспары

Мақсаты: қыз бала тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүргізу және оны бүтінгі заманың жетістіктерімен ұштастыру.

Міндеттері:

- Қыз балалардың ой-өрісін кеңейту, дүниетанымын, этика-эстетикалық талғамдарын, ойлау қабілетін арттыру, ұлттық құндылықтарды саналарына сіріту;
- Әдеп нормаларын ұстауға үйрету;
- Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері туралы кең көлемді мағлұмат беру;
- Жан-жақты білімді болуға, дәстүрді құрметтеуге, сақтауға, имандылыққа баулу;

№	Откізілетін іс-шаралардың атауы	Түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Әжелер мектебінің» жұмыс жоспарын бекіту	Жоспар құру	Қыркүйек	ДТІЖО
2	«Әжелер сөзі- тәрбие көзі»	Танымдық сағат	Қазан	Тәлімгер
3	«Әжемнің өсіеті»	Дөңгелек үстел	Қараша	Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
4	«Әжем, анам және мен»	Тренинг	Желтоқсан	Педагог- психолог
5	«Әжемен сырласу»	Әңгімелесу	Қаңтар	Кітапханашы
6	«Біз бақытты отбасы»	Фотокөрме	Ақпан	Педагог ұйымдастырушы